



Кәрімов Әбу

Әбу Кәрімов 1922 жылы Павлодар облысы, Лебяжі ауданы, Шарбақты ауылында дүниеге келген. Ол текті әулеттен шыққан, Есенгелді батыр, Боздақ би батыр және Байдалы би ұрпақтарының жалғасы болып саналады.

Әбу Май ауданындағы «Қызыл еңбек» ауылында орта мектепте білім алып, интернатта тәрбиеленген. Мектеп қабырғасында зерек, алғыр оқушы ретінде танылып, әсіресе математика пәніне ерекше қабілет көрсеткен. Сонымен қатар ақынжанды, сезімтал, елгезек мінезімен құрдастарының құрметіне бөленген. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Әбу ел қорғау үшін майданға аттанып, артиллерия лейтенанты шенінде қызмет атқарған. Әскери қызметі 229 стрелковой полкта 8 стрелковой дивизиясында өтілді. 1943 жылы Орел–Курск бағытындағы сұрапыл шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ол небәрі 21 жасында Отан үшін жанын қиып, батырлықтың үлгісін көрсетті.

Әбу Кәрімовтың қысқа да жарқын ғұмыры – отансүйгіштіктің, ерліктің және адамгершіліктің символы. Оның есімі туған жері мен ел жадында мәңгі сақталады